

**«Alikhan Bokeikhan University» ББМ**  
**8D023 – Тілдер және әдебиет бағытында «6D020500 - Филология» (8D02303**  
**Филология) мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің**  
**2023 жылғы жұмысы туралы**

**ЕСЕБІ**

«Alikhan Bokeikhan University» ББМ жанындағы 8D023 – Тілдер және әдебиет бағытында «6D020500 - Филология» (8D02303 Филология) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялар қорғауға арналған диссертациялық кеңес

***Жалпы мәліметтер***

ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 02 мамыр 2023 ж. № 190 бұйрығына сәйкес Alikhan Bokeikhan University «8D023 - Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағыты бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес ашылды. Диссертациялық кеңес 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін ашық.

Диссертациялық кеңес құрамы Alikhan Bokeikhan University ректорының 2023 жылғы 08 маусымдағы № 38 бұйрығымен бекітілген:

«8D023 - Тілдер және әдебиет» кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің құрамы:

1. Еспенбетов Арап Сләмұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор– төраға
2. Сейітова Шынар Ботаевна, филология ғылымдарының докторы, профессор – төраға орынбасары
3. Төлебаева Құралай Токтарқызы, филология ғылымдарының кандидаты– ғылыми хатшы

***1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер***

Есеп беріліп отырған мерзімде диссертациялық кеңесте 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғауға қабылдап алу және диссертацияларды қорғату бойынша 7 отырыс өткізілді

***2. Өткізілген отырыстар санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты.***

Өткізілген отырыстарға диссертациялық кеңес мүшелерінің барлығы толық қатысты.

***3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.***

Есеп беріліп отырған мерзімде диссертациялық кеңесте 6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша диссертация қорғалды:

1. Мусинова Гульмира Султангазиевна – Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті қазіргі Alikhan Bokeikhan University
2. Мамышева Молдір Ерлановна - Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті қазіргі Alikhan Bokeikhan University
3. Ақтанова Шолпан Советовна - Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті қазіргі Alikhan Bokeikhan University

4. Есептік жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға белгіленген бөлімдер бойынша қысқаша талдау

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Диссертацияның тақырыбы	Ғылыми кеңесшілері	Ресми рецензенттері
1	Мусинова Гульмира Султангазиевна	«Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация»	Отандық ғылыми кеңесшілері: Еспенбетов Арап Сләмұлы - филология ғылымдарының докторы, профессор Төлебаева Құралай Тоқтарқызы - филология ғылымдарының кандидаты. Шетелдік ғылыми кеңесші: - Нергис Бирай – PhD доктор, профессор.	1) Токсамбаева Айман Омаркановна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор. 2) Ағалиева Нургул Болатовна – филология ғылымдарының кандидаты.
2	Мамышева Молдір Ерлановна	«Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)»	Отандық ғылыми кеңесшілері: Сейітова Шынар Ботайқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор. Абикенова Гульнат Токеновна – филология ғылымдарының докторы. Шетелдік ғылыми кеңесші: Мехмет Өлмес – PhD доктор, Стамбул университетінің профессоры.	1) Куламанова Зиба Абдуллақызы – филология ғылымдарының кандидаты. 2) Алимхан Айгуль Асетовна – филология ғылымдарының кандидаты.
3	Актанова Шолпан Советовна	«М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік»	Отандық ғылыми кеңесшілері: Еспенбетов Арап Сләмұлы - филология ғылымдарының докторы,	1) Дауренбекова Лаура Нугайбековна - филология ғылымдарының кандидаты. 2) Сыздықов

			профессор Төлебаева Құралай Тоқтарқызы - филология ғылымдарының кандидаты. Шетелдік ғылыми кеңесші: - Нергис Бирай – PhD доктор, профессор.	Серикбол Кусаинович - PhD доктор.
--	--	--	--	---

#### **4.1 Қаралған диссертациялардың тақырыптарына талдау**

1. Мусинова Гульмира Султангазиевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты диссертациясының тақырыбы бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелердің біріне арналған.

«Семей сынақ полигоны туралы тарихи деректер және әдеби процесс» атты бірінші тарауы үш бөлімнен тұрады. «Семей сынақ полигоны туралы тарихи шындық пен деректер», «Қазақ баспасөзіндегі Семей сынақ полигонының көрінісі», «Әдеби процестегі экологиялық дағдарыс пен ядролық сынақ зардабы» атты бөлімдерде мұрағат қорларындағы тың деректерді пайдаланған. Баспасөз беттеріндегі Семей сынақ полигоны туралы жазылған мақалалар мен сұхбаттарға арнайы тоқталған. Экология тақырыбының көрінісі халық ауыз әдебиеті мен ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алып, қазіргі қазақ әдебиетіндегі бейнесі дәйектеліп көрсетілген. «Семей сынақ полигоны және әдеби-жанрлық интерпретация» деп аталатын екінші тарауы «Қазақ поэзиясындағы Семей қасіретінің бейнеленуі», «Прозадағы адам және табиғат концепциясы», «Семей қасіреті драмалық шығармалардың арқауы» деген бөлімдерді қамтиды. Бұл тарауда Семей сынақ полигоны туралы көркем шығармаларды тақырыптық-идеялық, жанрлық тұрғыда жүйелеп, ғылыми айналымға енгізген.

2. Мамышева Молдір Ерлановнаның «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» атты диссертациясының өзектілігі аталған өңір топонимдерін лингвомәдени аспектіде ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиет және ұлттық тарихпен байланыстыра қарастыруынан, сондай ақ топонимдердің тілдік табиғатын халықтың дүниетанымына, салт санасына, ұлттық болмысына қатысты зерттеуінен көрінеді.

Диссертацияда жалпы саны 4000 ға жуық жер-су атаулары жинақталып, зерттеуге түскен. Зерттеу барысында Абай облысы Аягөз, Ақсуат, Үржар аудандары микротопонимдері адам, қоғам, табиғат концептілері аясында зерделенген, аталған өңірдегі микротопонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты айқындалып, құрылымдық және топонимжасамдық ерекшеліктері талданған. Диссертация екі тараудан тұрады. Бірінші тарауда тіл білімінің ономастикалық кеңістігі мен микротопонимдік жүйесінің зерттелуіне шолу жасалған. Бұл ретте қазақ топонимикасын зерттеуші Әбдірахманов, Т.Жанұзақ, Рысберген, Б.Тлеубердиев сияқты ғалымдардың, түркітанушы ғалымдар Мурзаев, Наханова, Молчанова, сондай-ақ Суперанская, Подольская, Попова т.б. ғалымдардың еңбектеріне тоқталған. Аталған өңір топонимдерінің концептілік жүйесі зерделеніп, адам, қоғам, табиғат концептілері талданған. Сондай-ақ аймақ топонимдерінің дүниенің тілдік бейнесін берудегі қызметі мысалдар арқылы дәйектелген.

3. Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» атты диссертациясы қазіргі әлемдік және отандық әдебиеттануда өзекті саналады. Себебі, қос жазушының шығармаларындағы тоғыспалы бағытта зерттейтін ортақ концепт категориялары бүгінгі күнде елеулі тақырыптардың бірі деп саналады. Қазақ халқының дарынды жазушысы Мұхтар Әуезов пен

нобелъ сыйлығының иегері Эрнест Хемингуэй туындыларындағы адам табиғатының ерекшелігі, бойындағы ұлттық сипаты жалпы адамзатқа тән белгілерді айқындайды.

Диссертациялық жұмыста екі қоғамдық ортада өмір сүріп, екі түрлі әлемдегі адамдар бейнесін әлемдік деңгейде көтерген классик жазушылардың шығармаларын қатар алып талданғандықтан зерттеу барысында салыстырмалы әдебиеттанулық талдау принциптеріне де сүйенгені де баса назар аудартады. Диссертациялық жұмысында М. Әуезовтың «Абай жолы», «Көксерек», «Қараш-Қараш», «Оқыған азамат», «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қилы заман», «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Үйлену», «Ескілік көлеңкесінде», «Сөніп жану» «Қыр суреттері», «Кім кінәлі» және Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз», «Қош бол, майдан!», «Килиманджаро - қарлы тау», «Қызығы мол сол жылдар», «Жаңбырдағы мысық», «Сыйлыққа канарейка», «Күту күні», «Жеңімпаз ештеңе алмайды (Победитель не получает ничего), Дауылдан кейін (После бури) Убийцы, The Killers (Қаскөйлер), Макомбердің қысқа да бақытты ғұмыры (The Short Happy Life of Francis Macomber), Up in Michigan (В Мичигане), Indian Camp (В индийском поселке), Белые слоны (Hills Like White Elephants) атты шығармалары негізінде қарастырылған.

#### ***4.2 Диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18- бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы***

1. Мусинова Гильмира Султангазиевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты диссертациясы әдебиеттану ғылымының даму бағыттарына сәйкес келеді және Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламалық мақалаларының мақсаттарын шешуді көздейді.

2. Мамышева Молдір Ерлановнаның «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми -техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді: 7) «Білім мен ғылым саласындағы зерттеулер»; 8) «Әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер».

3. Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» атты диссертациясы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми -техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді: «Елдің зияткерлік әлеуеті». «Лингвистика, әдебиеттану және фольклористика». «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламалық мақалаларының мақсаттарын шешуді көздейді.

#### ***4.3 Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау***

1. Мусинова Гильмира Султангазиевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты диссертациясында алынған нәтижелерін жоғары оқу орындарының әдебиет пәні бойынша қазіргі «Қазақ әдебиеті» курстарында, «Өлең теориясы мен практикасы», «Қазақ прозасы» пәндері курстарында берілетін дәрістерге қолдануға болады. Зерттеу қазақ әдебиетіндегі Семей қасіретін бейнелейтін көркем шығармалар алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген, Семей сынақ полигоны туралы тарихи шындықты тануға мұрындық болады деп санаймыз.

2. Мамышева Молдір Ерлановнаның «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» атты диссертациясында жер-су атаулары тек географиялық нысандарды белгілеп қана қоймайды, сонымен қатар халқымыздың өткен тарихынан, тұрмыс тіршілігі мен дүниетанымынан, салт дәстүрінен хабар беретін рухани құндылықтардың бірі болып табылады. Диссертациялық жұмыста шешімін тапқан негізгі тұжырымдар мен нәтижелері қазақ әдебиеті мен

публицистикасы тарихына қатысты зерттеу жұмыстары мен теориялық ізденістер барысында, ЖОО жалпы және арнайы оқу бағдарламаларын дайындауда, «Ономастика», «Этнолингвистика», «Лексикология» сияқты пәндерде көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

3. Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» атты диссертациясы екі жазушының жалпыадамзаттық құндылықтарды көркем әдебиетте беруіне назар сала отырып зерделеу, талдау ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу, ұлттық белгілері мен әр халықтың дүниетанымына негізделген концепт категорияларды саралайды. Диссертациясында алынған нәтижелерін жоғары оқу орындарының әдебиет пәні бойынша қазіргі қазақ әдебиеті курстарында, «Әуезовтану», «Абайтану», «Шетел әдебиетінің тарихы» пәндері курстарында берілетін дәрістерге қолдануға болады.

#### **5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)**

1. Мусинова Гулмира Султангазыевнаның «Семей сынақ полигоны: тарихи деректер және әдеби-жанрлық интерпретация» атты диссертациясына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер: Токсамбаева Айман Омаркановна – филология ғылымдарының кандидаты, профессор. Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті. Мамандығы: 10.01.02 – қазақ әдебиеті. Ағалиева Нургул Болатовна – филология ғылымдарының кандидаты. Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті. Мамандығы: 10.01.02 – қазақ әдебиеті. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

2. Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер: Куламанова Зибә Абдуллақызы – филология ғылымдарының кандидаты. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті. Мамандығы: 10.02.02 – қазақ тілі. Алимхан Айгуль Асетовна – филология ғылымдарының кандидаты. С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті. Мамандығы: 10.02.02 – қазақ тілі. Ресми рецензенттер зерттеу жұмысының өте жоғары деңгейде орындалғанына баса назар аударып, болашақта ғылымға қосылған тың зерттеулер қатарын толықтыратындығын атап өтті. Рецензиялар талаптарға сәйкес келеді, онда диссертацияның барлық артықшылықтары көрсетіліп, дұрыс ескертпелер жасалған.

3. Актанова Шолпан Советовнаның «М. Әуезов пен Э. Хемингуэй шығармаларындағы танымдық, көркемдік үндестік» атты диссертациясына диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер: Дәуренбекова Лаура Ноғайбекқызы - филология ғылымдарының кандидаты, доцент. А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты. Астана қ. Мамандығы: 10.01.07 – салыстырмалы әдебиеттану. Сыздықов Серікбол Құсайынұлы - PhD доктор. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. Мамандығы: 6D021400 – әдебиеттану. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

#### **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

Ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерін Қазақстандағы Рухани жаңғыру, Елдің зияткерлік әлеуеті міндеттерін орындауға бағыттау;

Ғылыми кадрларды дайындауда ғылыми-зерттеу нәтижелерінің жариялану деңгейін арттыру.

7. 6D020500 - Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

1. Қорғауға қабылданған диссертациялар (Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан) – 3  
(Басқа жоғары оқу орындарынан – 0)
2. Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар – 0  
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары – 0
3. Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан) – 0  
(Басқа жоғары оқу орындарынан – 0)
4. Рецензенттерден теріс пікір алғандар алғандары – 0  
(Басқа жоғары оқу орындарынан – 0)
5. Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары – 0  
(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан – 0)
6. Аяқтауға жіберілген диссертациялардың жалпы саны – 0  
(Оның ішінде басқа оқу орындарынан – 0)
7. Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар саны – 0  
(Оның ішінде басқа жоғары оқу орындарынан – 0)

Диссертациялық кеңес төрағасы Еспенбетов А.С.  
Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы Төлебаева Қ.Т.

«10» қаңтар 2024 жыл

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись
<u>Еспенбетов А.С.</u>
<u>Төлебаева Қ.Т.</u>
КАДР БӨЛІМІ
10 01 2024 ж.л.

инспектор

ОТД

